

ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ

БЕКІТЕМІН

Шерхан Мұртаза

Халықаралық инновациялық

ректоры, Ә.Г.К., дәйсент

М.Баяндин

атындағы

Тараз

институты

2023ж.



БІЛІМАЛУШЫЛАР, ТҮЛЕКТЕР ЖӘНЕ ДОСТАР ҚАУЫМДАСТЫҚ
ЕРЕЖЕСІ

Тараз 2023 ж.

1. Жалпы Ереже

1.1 Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институттың (бұдан әрі институт) тұлектер қауымдастыры (бұдан әрі - Қауымдастық) мәдени, білім беру, ғылыми, басқарушылық және басқа мақсаттарға қол жеткізу және жалпы мұдделерді жүзеге асыру мақсатында құрылған және мүшелікке негізделген институт тұлектерінің қоғамдық бірлестігі.

1.2 Қауымдастық институт Жарлығына сәйкес құрылған, осы Ереженің еркінділік, өзін-өзі басқарушылық, жариялыштық, заңға бағынушылық негіздеріне сүйеніп қызмет атқарады. Қауымдастық заңды тұлға болып табылмайды. Қауымдастықтың барлық іс-әрекеттері Институт аясында жүзеге асады. . Қауымдастықтың қызмет атқару мерзімі шектелмеген.

2. Қауымдастықтың мақсаттары мен міндеттері

Қауымдастық мақсаттары:

-институт пен оның тұлектері арасында өзара ұтымды қарым-қатынас орнату жолында әрекеттесу;

-институт тұлектері арасында корпоративтік рухты нығайту мен қатар түрлі іш-шаралар, үздіксіз білім алу, on-line қызмет көрсету, тұлектер арасында корпоративтік рухты қолдауда тұлектердің күштерін біріктіру;

-тұлектердің өзіндік дамуын жаксартуда жағдай жасау, олардың кәсіби өсуіне қолдау көрсеті;

-жыл сайынғы жас тұлектердің жұмыспен қамтылуы үшін түрлі мемлекеттік бағдарламаларды тұлектерге таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

-әр саланы басқарып отырған қауымдастық мүшелерінің пікірлерін саралай отырып, нарықтық экономиканың сұраныстарын ескеру арқылы институттың маман даярлаудағы білім беру бағдарламаларының перспективасын анықтау;

-тұлектердің мен қызметкерлердің күш-жігерін біріктіру, имиджді нығайту, институттың корпоративтік қарым-қатынастарын кеңейту арқылы институтқа өз миссиясын орындауға көмектесу;

-институттың әлеуметтік, мәдени, білім беру, ғылыми мәселелерін шешуге көмектесу;

-институт тұлектері мен оқытушылар арасындағы ақпарат алмасу.

Қауымдастық міндеттері:

-институт тұлектері арасында байланыс орнату;

-институт тұлектерінің жұмыспен қамтамасыз етілуіне және студенттердің өндірістік практиканан өтуіне ықпал ету;

-институт дәстүрлерін дамыту және нығайту;

-тұлектердің біліктілігін арттыру мақсатында әдістемелік және үйымдастырушылық көмек көрсету (біліктілікті арттыру курсары, магистратура);

-Қауымдастық мүшелерінің кәсіби жетістіктерін дәріптеу;

-дәрістер мен семинарлар, конференциялар, көрмелер, мәдени, спорттық және басқа да іс-шаралар үйымдастыру;

-сауалнама жүргізу және қоғамдық пікірді сұрау;

-институттың материалдық-техникалық базасын дамытуға қатысу;

-институттың коммерциялық және коммерциялық емес үйымдармен өзара байланыс нығайтуға қолдау көрсету;

-кезектегі бітіруші тұлектерді Қауымдастыққа тарту.

3. Қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

Қауымдастық мүшелері өзінің дербестігін сақтайды;

Қауымдастық мүшелерінің құқығы:

-осы Ережеде бекітілген шарттар бойынша Қауымдастықтың басқарушылық жұмыстарына араласа алады;

-Қауымдастық қызметіне байланысты барлық қажетті ақпарат ала алады;

-жалпы жинальысқа қатысып, дауыс беріп, сайлауға қатысып, Қауымдастықтың басқарушылық қызметтеріне сайлана алады;

-Қауымдастық дамуына өзінің және сырттан тартылған қаржат енгізе алады;

-Қауымдастықтың қызметі аясындағы мәселелерді талқылау мен өзгерістер енгізуге атсалысу;

-Қауымдастық мүшелеріне институт тарапынан аудиториялық қорын пайдалану мүмкіндігі;

-Қауымдастық өз мүшелеріне беретін басқа да құқықтарға ие.

Қауымдастық мүшелерінің міндеттері:

-осы Ереженің шарттарын орындау;

-Қауымдастыққа қатысты қабылданған міндеттерді атқару;

-Қауымдастықтың тәжірибелік жұмысъына қатысып, атқарған қызметі туралы есеп беру;

-институтпен Қауымдастық беделі мен имиджін арттыруға ықпал ету, олардың мақсат міндеттерін насиҳаттау, Қауымдастықтың нақты бағдарламалары мен жобаларының атқарылуына ықпал ету;

-бітіруші тұлектерді жұмысқа орналысұна көмек көрсету;

-демеушілік көмек көрсету жолдары мен демеушілік жасау тәсілдерін іздестіру;

-Қауымдастық жинальыстарына қатысу;

-иститут беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерден бастарту, күнделікті өмірдің әдептерін сақтап, Қауымдастық қызметіне қатысты құпия ақпаратты жарияламау;

-осы Ережеден туындастырылған басқа да міндеттемелерді орындау.

4. Қауымдастық құрамына кіру тәртібі

Қауымдастыққа институт тұлектері мен институт қызметкерлері мүше бола алады. Осы Ереженің талаптарын мойындастырып, Қауымдастық жұмыстарына қатысатын институт студенттері мүше бола алады.

5. Қауымдастық қызметінің тоқтатылуы

Қауымдастық, оның мүшелерінің ортақ қызметтерінің жалғасуына қызығушылық білдірмесе таратылады;

Қауымдастықты тарату жөніндегі шешімді жүзеге асыру Қауымдастықтың жалпы жинальысында қабылданады.